



Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс министрлігі мен Әзірбайжан Республикасы Мемлекеттік кеден комитетінің арасындағы ынтымақтастық және кедендік құжаттар мен кедендік қамтамасыз етулерді өзара тану туралы келісімді бекіту туралы

Қазақстан Республикасының Заңы 2001 жылғы 1 наурыз N 157-II

Бакуде 2000 жылғы 7 сәуірде жасалған Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс министрлігі мен Әзірбайжан Республикасы Мемлекеттік кеден комитетінің арасындағы ынтымақтастық және кедендік құжаттар мен кедендік қамтамасыз етулерді өзара тану туралы келісім бекітілсін.

Қазақстан Республикасының
Президенті

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс министрлігі мен
Әзірбайжан Республикасы Мемлекеттік кеден комитетінің
арасындағы ынтымақтастық және кедендік құжаттар мен кедендік
қамтамасыз етулерді өзара тану туралы
Келісім

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс министрлігі және Әзербайжан Республикасының Мемлекеттік кеден комитеті,
Тараптар мемлекеттерінің кеден қызметтері арасындағы ынтымақтастықты алдағы уақытта дамытуға және нығайтуға ұмтыла отырып,
тауарлар мен көлік құралдарын өткізу кезіндегі кедендік шарттылықтарды оңайлату мақсатында,

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Әзербайжан Республикасы Үкіметінің арасындағы Кеден істеріндегі ынтымақтастық туралы 1997 жылғы 10 маусымдағы келісімнің Z990015_ ережелерін жүзеге асыру мақсатында,
мына төмендегілер туралы келісті:

1-бап

Қазақстан тарабынан осы Келісімнің ережелерін жүзеге асыру жөніндегі уәкілетті орган Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігінің Кеден комитеті болып табылады.

Әзербайжан тарабынан осы Келісімнің ережелерін жүзеге асыру жөніндегі уәкілетті орган Әзербайжан Республикасының Мемлекеттік кеден комитеті болып табылады.

Жоғарыда аталған уәкілетті органдардың атаулары немесе функциялары өзгерген кезде Тараптарға дипломатиялық арналар бойынша уақтылы хабарланатын болады.

2-бап

Тараптар кедендік және валюталық ережелердің сақталуын бақылауды қамтамасыз ету мақсатында әрбір Тарап мемлекетінің ұлттық заңдарының шеңберінде кеден мәселелері бойынша жан-жақты ынтымақтасатын және бір-біріне қажетті көмек көрсететін болады.

3-бап

Осы Келісімде көзделген мақсаттарға қол жеткізу үшін Тараптар жүк және жолаушылар қатынасындағы, пошталық айырбастағы кедендік ресімдеуді жеделдетуге,

кедендік бақылаудың нысандары мен тәсілдерін жетілдіруге, сондай-ақ көлік құралдарының, жүктер мен жолжүгінің, пошталық жөнелтімдердің, валютаның, басқа да төлем құралдары мен валюталық құндылықтардың (бұдан әрі мәтін бойынша - тауарлар) заңсыз әкелінуін, әкетілуін және транзитін болдырмауға бағытталған қажетті шараларды қабылдайтын болады.

4-бап

Тараптар шекара арқылы өтетін тауарларды Тараптар мемлекеттерінің кедендік және валюталық ережелеріне жауап беретін, сондай-ақ жүк, жолаушылар және пошталық қатынаста қолданылатын тиісті құжаттармен қамтамасыз ететін болады.

5-бап

Тараптар мемлекетінің бірінің аумақтары арқылы екінші Тарап мемлекетінің аумағына транзитпен өткізілетін, сондай-ақ бір Тарап мемлекетінің аумағында ресімделген және Тараптар мемлекеттерінің аумақтары арқылы транзитпен өтетін тауарлар олардың әкелінуіне, әкетілуіне және транзитіне Тараптар мемлекеттерінің ұлттық заңдарымен тыйым салынған деп санайтын негіздемелер болған жағдайды қоспағанда кедергісіз тасымалданатын болады немесе Тараптар мемлекеттерінің ұлттық заңдарына сәйкес тасымалданатын тауарлар қатысында кеден баждары мен салықтарын төлеуді қамтамасыз ету сомаларын төлеу туралы талап қолданылады.

6-бап

Тараптар кедендік құжаттарды, көлік құралдарындағы, жүктердегі және пошталық жөнелтімдердегі кеден мөртабандарын, мөрлер мен мөртаңбалардың бедерлемелерін, ресми белгілерді өзара танитын болады. Олар, сондай-ақ экспедиторлық және көлік ұйымдарының мөртабандары мен мөрлерін, көлік құралдарындағы олардың ресми белгілерін де мойындайтын болады.

7-бап

Тараптар осы Келісімнің 6-бабында аталған кедендік құжаттар мен кедендік қамтамасыз етулердің үлгілерімен, сондай-ақ олардың мемлекеттерінің аумақтары арқылы әкелу, әкету немесе транзиті шектелген немесе Тараптар мемлекеттерінің ұлттық заңдарымен тыйым салынған тауарлардың тізімдерін алмасады.

8-бап

Тараптар өзара уағдаластық бойынша кеден құжаттарын үйлестіруге ұмтылады.

9-бап

Егер бір Тарап мемлекетінің аумағына екінші Тарап мемлекетінің аумағынан әкелінетін тауарлар кедендік, валюталық, карантиндік немесе малдәрігерлік ережелердің және/немесе әкелу нұсқаулықтарының негіздерінде немесе қауіпсіздік шаралары бойынша өткізуге жатпайтын болса, Тараптардың кеден органдары өз

мемлекеттерінің аумағына осы тауарларды өткізуден бас тартудың себептері туралы хабарлайды.

10-бап

Тараптар Қазақстан Республикасының және Әзербайжан Республикасының азаматтары осы елдердің аумақтары арқылы үшінші елдердің аумақтарына өткен кезде қол жүгі мен жолжүгін кедендік бақылау және шығару Тараптар мемлекеттерінің ұлттық заңдарын сақтаумен жүргізіледі деп келісті.

Осы мақсатпен:

- Қазақстан Республикасының кеден органдары Әзербайжан Республикасы азаматтарының қол жүгі мен жолжүгіндегі тауарларды шығаруды Әзербайжан Республикасының кеден органдарымен куәлендірілген кедендік декларацияның негізінде жүзеге асырады.

- Әзербайжан Республикасының кеден органдары Қазақстан Республикасы азаматтарының қол жүгі мен жолжүгіндегі тауарларды шығаруды Қазақстан Республикасының кеден органдарымен куәлендірілген кедендік декларацияның негізінде жүзеге асырады.

11-бап

Тараптар кеден ісі мәселелері жөніндегі нормативтік құқықтық актілер туралы ақпаратты бір-біріне беретін болады.

Тараптар нормативтік құқықтық актілердегі, қызметтік жазбалардағы және кедендік құжаттар мен қамтамасыз етулердің нысандарындағы өзгерістер мен толықтырулар туралы бір-біріне уақтылы хабарлайды.

Тараптар кеден ісі мәселелері жөнінде тәжірибе алмасуға жәрдем

көрсетеді.

12-бап

Кедендік құжаттар жөнелтетін мемлекеттің ұлттық заңдарында көзделген тілде және/немесе орыс тілінде жасалады.

Тараптар арасындағы хат хабар орыс тілінде жүргізіледі.

13-бап

Осы Келісімді орындауға, талқылауға және өзгертуге байланысты

туындаған барлық даулы мәселелер Тараптар арасындағы консультациялар мен келіссөздер арқылы шешіледі.

Осы Келісімге екі Тараптың өзара келісімі бойынша осы Келісімнің ажырамас бөлігі болып табылатын хаттамалар түрінде ресімделетін өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін.

14-бап

Осы Келісімнің ережелері басқа халықаралық шарттарға сәйкес Тараптар мемлекеттерінің қабылдаған міндеттемелеріне ықпал етпейді.

15-бап

Осы Келісім күшіне енгеннен кейін Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі мен Әзербайжан Республикасы Кеден комитетінің арасындағы кедендік құжаттар мен кедендік қамтамасыз етулерді тану туралы 1993 жылғы ақпандағы келісім өз қолданысын тоқтатады.

16-бап

Осы Келісім бес жылдық мерзімге жасалады және Келісімнің күшіне енуін қамтамасыз ететін қажетті мемлекетішілік рәсімдерді Тараптардың орындағаны туралы бір-біріне дипломатиялық арналар бойынша хабарлағаннан кейін күшіне енеді. Тараптардың бірде-бірі тиісті мерзімі өтерден алты ай бұрын осы Келісімнің қолданысын тоқтату ниеті туралы жазбаша нысанда мәлімдемесе, ол

келесі 5 жылдық кезеңдерге өздігінен ұзартылады және күшінде қала беретін болады.

Баку қаласында 2000 жылғы 7 сәуірде қазақ, әзербайжан және орыс тілдерінде жасалды және де барлық мәтіннің күші бірдей.

Осы Келісімнің ережелерін түсіндіруде пікір алшақтықтары туындаған жағдайда, орыс тіліндегі мәтін пайдаланылатын болады.

Қазақстан Республикасының
Мемлекеттік кіріс министрлігі
үшін

Әзербайжан Республикасының
Мемлекеттік кеден комитеті
үшін

Мамандар:

Қасымбеков Б.А.

Багарова Ж.А.